



Eurasian Bank

002504373

«Еуразиялық банк» АҚ, Қазақстан Республикасы,
А25Y5R2, Алматы қ., Қонаев к-сі, 56

АО «Евразийский банк», Республика Казахстан,
А25Y5R2, г. Алматы, ул. Кунаева, 56

Eurasian Bank JSC, 56, Kunayev Street,
Almaty A25Y5R2 The Republic of Kazakhstan

Тел. / Tel.: +7 (727) 259-95-99
Email: info@eubank.kz

27.05.2025 № 23-006-16756

Банктер мен өзге серіктестер

"Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі-Банк) Қазақстан Республикасы аумағында қызметтерді жүзеге асыруға арналған Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген барлық лицензиясы мен рұқсаттары бар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген қаржы ұйымы болып табылады.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнама талаптарын іске асыру мақсатында (бұдан әрі-КЖ/ТҚҚ), Банкте қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау ережесі әзірленіп, бекітілді (бұдан әрі-Ереже). КЖ/ТҚҚ мәселелері жөнінде жұмыстарды Комплаенс және ішкі бақылау қызметі ұйымдастырады. Комплаенс және ішкі бақылау қызметінің директоры Ережелердің сақталуына мониторинг жүргізетін жауапты тұлға болып табылады. Комплаенс және ішкі бақылау қызметі директорының міндеттеріне Банк қызметінің Қазақстан Республикасы заңнама талаптарына, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің, банктің қаржы нарығында қызметтер көрсету және операцияларды жүргізу тәртібін регламенттейтін Банктің ішкі құжат талаптарына, сондай-ақ Банк қызметіне әсер ететін шет мемлекеттердің заңнамасына сәйкестігін ішкі бақылау жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету жұмыстары кіреді. Басқарушы директор-Бас комплаенс-бақылаушы КЖ/ТҚҚ саласы бойынша Банкте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ішкі бақылау жүйесін үйлестіріп, ұйымдастырады.

Ережеге сәйкес КЖ/ТҚҚ шеңберінде ішкі бақылау жұмыстары келесі бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады.

- 1) КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру бағдарламасы;
- 2) мәліметтерді сәйкестендіру және тіркеу бағдарламалары арқылы;
- 3) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару бағдарламалары;
- 4) клиент операцияларын зерделеу және мониторингілеу бағдарламалары;
- 5) КЖ/ТҚҚ саласындағы даярлау және оқыту бағдарламалары.

Банктің КЖ/ТҚҚ саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа қатыспайтын мемлекеттерде (аумақтарда) тіркелген банктерде шоттары жоқ, сондай-ақ ширма-банктермен қарым-қатынас орнатпайды және корреспонденттік қатынастарды қолдамайды.

Банктің орналасқан жері құрылтай құжаттарында көрсетілген Қазақстан Республикасы, А25Y5K2, Алматы қ., Қонаев к-сі, 56 мекенжайына сәйкес келеді.

Осылайша Банк КЖ/ТҚҚ бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға қажетті барлық шараларды қабылдайтынын растайды.

Еуразиялық банк" АҚ
Комплаенс және ішкі бақылау қызметінің директоры



Р.М.Маженов